



ХҒТАР 16.21.51
Ғылыми мақала

<https://doi.org/10.32523/2616-6887-2025-152-3-248-267>

Жалпытүріктік терминқор – терминологияны халықаралық біріздендіру негізі

Ш. Құрманбайұлы 

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан

(E-mail: sherubaykurmanbaiuly@gmail.com)

Аңдатпа. Бұл мақалада түрік халықтарына ортақ терминқор құрудың өзектілігі мен терминологияны халықаралық біріздендірудің маңызы сөз болады. Алдымен қазақ және қырғыз тілдеріндегі термин шығармашылығының қазіргі беталысы, екі тілдің терминологиясындағы айырмашылықтар мен ұқсастықтар нақты мысалдар арқылы салыстырыла талданып көрсетіледі. Тіларалық біріздендіру, үйлестіру жұмыстарының әлсіздігінен туыстас тілдер арасындағы термин жасау тәжірибесін бөлісу мен өзара терминалмасу деңгейі төмендеп, екі тіл терминологиядағы айырмашылықтардың жылдам қарқынмен ұлғайып бара жатқаны дәлелденеді. Одан ары қарай түркі академиясы шығарған 9 түрік тілінің экономика, тіл білімі, әскери терминдерінің салыстырмалы терминологиялық сөздігі негізінде қазіргі түрік текті халықтар тілдері терминологиясындағы ортақ терминдер мен өзгешеліктер салыстырыла-салғастырыла талданады. Бұл талдаулардың нәтижелері де түрік текті халықтар тілдерінің терминологиясында ортақ сипаттан гөрі өзгешеліктер жылдан жылға көбейіп бара жатқанын айғақтайды. Қазақ-қырғыз және өзге де бірнеше түрік текті халықтар терминологиясы бойынша жасалған тілдік талдаулар нәтижесіне сүйене отырып, қазіргі түрік текті халықтар терминологиялық жұмыстарды өзара келісіп, үйлестіре жүргізуге, терминдерін тіларалық және халықаралық біріздендіруге айрықша мән беру қажеттігі, жалпытүріктік терминқор құрудың өзектілігі ғылыми тұрғыдан тұжырымдалады. Жалпытүріктік терминқор құруға негіз болатын ішкі және сыртқы көздер мен терминологияны халықаралық біріздендіру кезінде рет-ретімен атқарылуға тиісті терминологиялық жұмыстар аталып көрсетіліп, оларды жүргізу жолдары айтылады. Мемлекетаралық, тіларалық деңгейде атқарылуға тиісті осы ауқымды терминологиялық жұмыстарды кәсіби деңгейде жүргізетін, үйлестіріп отыратын TurkTerKom сияқты құзырлы комиссия мен оның жұмысын ғылыми тұрғыдан қамтамасыз етін халықаралық мәртебесі бар арнаулы терминология институтын құру ұсынылады.

Түйін сөздер: жалпытүріктік терминқор, түріктерминком, ортақ термин, терминологияны халықаралық біріздендіру, терминжасам, терминалмасым, ортақ терминологиялық дерекқор.

Түсті: 12.12.2024; Мақұлданды: 25.09.2025; Онлайн қолжетімді: 30.09.2025

Кіріспе

Ғылымда шекара жоқ. Оның жетістіктерін бүкіл әлем, адамзат баласы пайдаланады. Ашылған жаңалық, жаңа пайда болған ұғым, жасалған зат пен өнім атауымен бірге бір тілден екінші тілге алмасады немесе сол ұғымдар мен заттарға әр тілде түрліше атау беріледі. Әлем ғалымдары мен сала мамандарының кәсіби қарым-қатынасын, ғылыми коммуникацияны қамтамасыз ету үшін әр ел өзінің ғылым тілін үнемі жетілдіріп, терминологиялық жұмыстарды жүйелі түрде жүргізу арқылы ұлттық терминқорын реттеп отырады.

Қазақтың ғылым тілі мен терминологиясының XX ғасыр басынан бергі даму, қалыптастыру тарихында ұстанған негізгі екі жолы болды. Біріншісі – Алаш жолы, екіншісі – советтік жол. Алаштықтардың ұстанымы – жалпы халық пен ғылыми қауымның арасын бөлмей, ғылыми, ғылыми-танымдық еңбектерді көпшілікке түсінікті етіп қазақтың өз тілінде жазу. Бұл істе алаш оқығандары ең алдымен терминдерді ұлт тілінде жасап, содан соң туыстас түрік тілдерінен алуды көздеді. Осы екі әдіспен термин мәселесін шешу мүмкіндігі болмаған жағдайда ғана кең тараған еуропа тілдерінің сөздерін тілге бейімдеп, кірме термин ретінде қабылдауға тоқтады.

Ал екінші советтік жолды белгілеушілердің мақсаты – орыс тіліне негізделген жалпысоветтік терминдер қорын қалыптастыру болды. Олар бұл мақсатына жетті. Мәселен, XX ғасырдың 90-жылдарына қарай қазақ тіліндегі көптеген ғылым мен техника салаларындағы терминдердің 80%-дан астамы орыс тілі терминологиясымен бірдей болды. Советтік кезеңде жарық көрген орысша-қазақша терминологиялық сөздіктер соған нақты дәлел бола алады. Одақ құрамында болған өзге түрік халықтары терминологиясының да жағдайы бізбен шамалас болды. Совет одағы ыдырағаннан кейін ұлт тілдеріндегі термин шығармашылығы біршама жандана түскенмен түрік халықтары өзара келісіп, терминқор қалыптастыру бағытын белгілеп, терминдерді тіларалық, халықаралық біріздендіру жұмыстарын жолға қоя алмады. Сондықтан әр тіл термин шығармашылығын өзінше жүзеге асырып, ортақ терминдерін көбейтіп, термин жүйелерін бір-біріне жақындатудан гөрі, айырмашылықтарын ұлғайтып, араларын алшақтата түсті. Мұны оң үрдіс деп тану қиын. Әр тілде термин шығармашылығы өріс алып, термин жасам тәжірибесі жетіле бастағаны ұлт тілінің жасампаздығы тұрғысынан жақсы болғанмен, бұл істің түрік текті халықтар тілдері арасында өзара үйлестірілмей, ортақ ұстанымдарға негізделмей жүргізілуі дұрыс болмады. Не себепті дұрыс болмайтынын анық білуіміз үшін «Советтік кезеңдегі терминологияны дамыту қағидаттарын ұстанып, терминқор түзудегі қалыптасқан дәстүрді неге жалғастыра бермейміз»? «Түрік тектес халықтар тілдерінің ортақ терминқорын молайту бізге не береді, ол не үшін қажет»? деген екі сұраққа жауап беруімізге тура келеді.

Біріншіден, советтік қағидатты басшылыққа алу түрік халықтарының ұлттық мүддесіне сәйкес келмейді. Советтік қағидат КСРО аумағында ғылым мен техниканың барлық саласындағы негізгі кәсіби қарым-қатынасты орыс тілінде жүзеге асыру мақсатын көздей отырып жасалды. Соған сәйкес советтік қағидаттар ұлттық республикалардың өз тілінде термин жасауына барынша шектеу қойып, орыс тілінде жасалған немесе еуропа тілдерінен орыс орфографиясына бейімделіп алынған кірме терминдерді де сол қалпында енгізудің басты құралы, негізгі тетігі болды. Егемендікке қолы жеткен

халықтар ендігі жерде ұлт тілдерінің өрісін кеңейтіп, мемлекеттік мәртебеге ие болған өз тілдерін ғылым мен технология тілі ретінде дамытуға мүдделі болып отыр. Кешегі орыс тіліне негізделген жалпысоветтік терминқор қалыптастыру қағидаттары бұл мақсатқа жетуге мүмкіндік туғызу орнына тосқауыл болып тұр. Сол себептен де көздеген мақсаты басқа бұл қағидаттар бүгінгі күн талабы мен сұраныстарына жауап бере алмайды.

Ал екінші сұраққа келсек, қазіргі жаһанданған әлемде мемлекеттер ірі-ірі саяси, экономикалық, әскери одақтарға бірігіп іріленіп жатқаны сияқты, тілдерінің де қолданыс аясын кеңейту, кәсіби қарым-қатынасты жеңілдету үшін терминологияны халықаралық біріздендіру арқылы бірнеше тілде бірдей қолданылатын терминдер қатарын көбейту жолымен терминологияны халықаралықтандыруға ерекше мән беріп жатыр. Мұндай үрдіс тек ағылшын тілі тарапынан ғана жүріп жатқан жоқ, француз, неміс тілдерінде сөйлейтін елдер арасында да терминдерін алдымен туыстас тілдерге, одан кейін басқа да жұрттардың тілдеріне таратып, терминологиясының халықаралық сипатын арттыруға ұмтылыс бар. Бұл тұрғыдан келгенде түрік текті халықтар да өз араларындағы кәсіби, ғылыми коммуникацияны жақсарту үшін бұған дейін бір немесе екі-үш тілде ғана қолданылып келген кейбір түрік негізді терминдерді өзге туыстас тілдерге де тарату және бірлесіп термин жасау арқылы ортақ терминдер қорын молайту ісін қолға алғаны жөн.

Мемлекеттер мен халықтар арасындағы экономикалық қатынастар кезінде тауар, қызмет экспортталады немесе импортталады. Импорт пен экспорт экономикалық қатынастың негізі болып саналады. Ғылыми қарым-қатынаста бір ел екінші елден ғылыми ұғым атауы терминді алады немесе оған береді. Ғылыми ұғыммен бірге бір тілден екінші халықтың тіліне термин алмасады. Осы қатынаста біз бүгінге дейін терминдерді негізінен шет тілдерінен алушы, импортқа тәуелді тіл болып келдік. Мұның негізгі себептері – ғылым мен технологияның кенжелеп қалуы, ұлт тілінің ғылым саласындағы қолданысының шектеулілігі мен термин шығармашылығының дамытылмауы. Ғылымы өркендеген елдің терминологиясы мен ғылым тілі де бірге дамиды, кеңірек таралады. Ендеше бізге осы бағытта рет-ретімен нақты қадамдар жасап, алдымен отандық ғылымды, сонымен қатар терминологияны да бірге жетілдіріп, дамытып отырсақ ұлттық ғылым тілінің де өрісі кеңейеді.

Терминологияны дамытуда тек өз тіліміздің аясында ғана шектеліп қалмай, туысқан тілдер арасында тығыз байланыс орнату өте маңызды. Ал енді қазіргі түрік тілдері арасындағы ондай байланыс, өзара терминалмасу, терминжасам тәжірибесін ортаға салу туралы сөз қозғағанда ауыз толтырып айтарлықтай нақты нәтижелерімізді көрсетуге қиналып қаламыз. Өйткені бұл бағытта жүйелі түрде атқарылған айтарлықтай іс-тәжірибеміз көп болмай тұр. Керісінше түрік текті халықтар тілдері жақындау, ортақ терминдер қоры молаю орнына арасы алшақтап бара жатқаны байқалады.

Зерттеу әдістері мен материалдары

Бұл зерттеуде салыстырмалы-талдамалы әдіс (салыстырмалы лингвистика), сипаттамалы әдіс және жүйелі құрылымдық талдау әдісі қолданылды. Ең алдымен қазақ және қырғыз тілдеріндегі термин шығармашылығының бағыттары, терминологиядағы ұқсастықтар мен айырмашылықтар нақты мысалдар арқылы салыстырмалы әдіс негі-

зінде зерделенді. Жалпы түрік тілдеріндегі терминалмасымның бұрынғы және қазіргі жағдайы анық мысалдармен дәлелденді. Сонымен қатар, 9 түрік тілін қамтитын Түркі академиясы әзірлеген салыстырмалы терминологиялық сөздіктердегі терминдер жүйелі құрылымдық әдіс арқылы талданып, ортақ және ерекшелікті тұстар жіктеліп көрсетілді. Терминалмасу, терминжасам үдерістеріндегі тіларалық сәйкессіздіктер мен үйлесімділіктің деңгейін айқындау үшін сипаттамалы әдіс пен статистикалық байқау элементтері де пайдаланылды. Бұдан бөлек, түрік тектес тілдердің терминологиялық тәжірибесіне сүйеніп, терминологияны халықаралық біріздендіру жолдарын ұсыну мақсатында болжау (прогностикалық) және моделдеу әдістері қолданылды.

Нәтижелер мен талқылаулар

Белгілі түріктанушы ғалым академик Мирфатых Зәкиев көптілді салыстырмалы терминологиялық сөздіктерді түзудің өте қиын да күрделі іс екенін ескерте отырып, бүкіл түрік халықтарының терминдер қорын жақындатып, одан кейін тұрақтандыру үшін ғылымның барлық салалары бойынша мұндай сөздіктердің өте қажет екенін айтады. Академик ғалым былай деп жазады:

«Тұтастай қарағанда бір-біріне жақын түрік тілдерінің терминологияларындағы айырмашылықтарының үлкен екені ешкімге құпия емес. Өйткені жаңадан пайда болып жатқан ғылыми ұғымдар атауларын әр түрік тілі өзінше жасайды немесе әрбасқа түбір морфемалы сөздер таңдалады. Кейбір түрік тілдері әртүрлі халықаралық тілдерден немесе көрші елдер тілдерінен термин алады. Терминқорлары байып жатқанына қарамастан түрік тілдері бір-біріне жақындау орнына, керісінше, бір-бірінен алшақтап барады. Түрік халықтарының журналистері мен лингвистері осы уақытқа дейін түрік халықтарының терминқорларын өзара жақындастырудың жолын іздеген емес. Кейбір түрік халықтары жаңа пайда болған ғылыми ұғымдарды басқа, әсіресе көрші түрік халықтарының терминдеріне ұқсамайтын айрықша сөзбен белгілеуге тырысады. Сөйте тұрып, бір-біріне «Сіздерде қалайша ғылыми ұғымдарды таңбалайтын барлық халыққа ортақ термин жоқ? деген сұрақ қояды. Мұндай үрдіс түрік халықтары терминқорларының бір-бірінен алыстатып, түрік халықтарының сақталуы мен дамуына кері әсер еді» (Орысшадан аударған – мақала авторы) [1, 12].

Ғалымның бұл айтқандары шындықтан алшақ кетпейді. Бірнеше түрік тілінің қазіргі терминжасам үдерісін салыстырып көрсек оған анық көз жеткізуге болады. Мәселен, іргелес әрі туыстығы жағынан ең жақын екі ел қазақ пен қырғыздың кейінгі жылдардағы термин шығармашылығы үдерісін көрсететін мына мысалдар соның айқын дәлелі:

Қазақ-қырыз тілдеріндегі әртүрлі аударылған терминдер (сөздер)		
Қазақша	Қырғызша	орысшасы
азамат	жаран	гражданин
азаматтық	жаранчылық	гражданство
айдар	айдарбап	рубрика
айыппұл	жазапул	штраф
анықтама	маалымнаама	справка

әдіс	усул, ыкма	метод
бағдаршам	белгишам	светофор
байқау//конкурс	аламан	конкурс
бастық	зардал	начальник
баянат	дайындама	рапорт
бейнесалон	дидаркана	видеосалон
елорда	ордошаар, башкалаа	столица
жеке куәлік	ырастама, тастықтама, күбөлөмө	удостоверение
жоспар	мерчем	план
жөргекпұл	жөлөкпул	пособие
жүйе	тутум	система
жылыжай	күнөскана	теплица
зәкір	кемеказык	якор
зейнетақы	карычарба	пенсия
зейнеткер	бааргер	пенсионер
кеден	бажы	таможня
кесте	жүгүрмө	расписание
қаптөсек	түнөк кап	спальный мешок
қардар	шертпул	здаток
құрылым	түзүм	структура
мәзір	ашкат	меню
мердігер	милдеткер	подрядчик
отаншыл	атуул	патриот
өтілгер	таалымкер	стажер
пішін	Тариз	форма
саябақ	сейилбак	парк
саяжай	жазкана	дача
тапсырысшы	муктажкер	заказчик
тарау	Бап	глава
ұжым	жамаат	коллектив
шарт	келисим	договор
шығарма	тилбаян, дилжазуу	сочинение

Екі тіл арасында пайда болған айырмашылықтарды көрсететін мұндай мысалдарды әлі де тізе беруге болады. Бұл терминдердің *азамат, анықтама, жаран, жоспар, бастық, зардал, шығарма* сияқты бірнешеуінен өзге басым көпшілігі кейінгі отыз жыл көлемінде жасалған. Мәселен, қазақ тіліндегі *айыппұл, баянат, елорда, жөргекпұл, зейнетақы, зейнеткер, қаптөсек, мерейтой, отаншыл, өтілгер, саябақ, тапсырысшы, ұжым* сияқты жаңа атаулар 90-жылдардан кейін жасалып, қолданысқа енді [2].

Ендеше дәл осы кезеңде әр тілдің термин шығармашылығы өз бетінше жүзеге асып, терминологиялық лексикамыздың айырмашылығы ұлғая түскен деуге негіз бар. Дегенмен, бұлардың арасында толығымен екі түрлі емес, бір сыңары бөлек, екінші сыңары ортақ сөздерден құралған терминдер де бар. Оларды қос тілде екі түрлі айтқанмен өзара түсінісуге болады. Мысалы: *жөргекпұл – жөлөкпул, елорда – ордошаар, айыппұл – жазапул, айдар – айдарбап, бағдаршам – белгишам, саябақ – сейилбак*. Осы біріккен терминдер құрамындағы *пұл, орда, айдар, шам, бақ* сөздері екі тілде бірдей.

Кестедегі қазақ тілімен бірдей емес, бірақ жасалуы ұтымды терминдер аз емес, қазақ тілінде ғана «әдіс» деп айтылса түркі тілдерінің көбінде арабша «усул» сөзі қолданылады. Қырғыздар да түрік текті халықтардың көбі қолданатын осы араб сөзін алған. Қазақ тіліндегі түбі моңғолша *жүйе* терминін *тутум* деп төл сөзбен атап, қазақша «құрылым» орнына *түзүм* терминін жасаған. Қазақ тіліндегі *зәкір* орыс тіліндегі *якорь* сөзінің өзгертіліп қабылданған нұсқасы болса, қырғыз тілінде *кемеқазық* деген төл термин жасалған. Немесе керісінше қырғыз тіліндегі *жамаат, тилбаян, муктажгер, бап* секілді кірме элементтер орнына қазақ тілінде *ұжым, шығарма, тапсырысшы, тарау* деген төл терминдер ұсынылған. Термин жасаушылар туыстас тілдер тәжірибесіне сүйенбегені байқалып тұр. Туыстас тілдер ұтымды жасалған терминдерді бір-біріне алуына болатын еді.

Екі тіл арасындағы термин айырмашылықтарының артып бара жатқанын ғылымның әртүрлі саласынан байқауға болады. Мәселен, биология терминдерін салыстырсақ, мынадай өзгешеліктер байқалады:

Қазіргі қазақ, қырғыз тілдерінің биология саласы терминдерінің айырмашылықтары	
Биологиялық терминдердин кыргызча-орусша/ орусша-кыргызча сөздүгү / Түз. Г.Т.Курманбекова; К.Б. Чериков ж.б. – Бишкек: «Кут-бер», 2023. – 256 б. [3].	Қарақша-орысша, орысша қазақша терминологиялық сөздік. Жалпы редакциясын басқарған М.Қасымбеков. Т.13: Биология. – Алматы, 2014. – 528 б. [4].
белок, протеин	нәруыз
камбий	түзуші ұлпа
клетка	жасуша
мочевина	несепзәр
нектар	шірне
орган	мүше, орган
система	жүйе
ткань	ұлпа

Советтік кезеңде бірдей қолданып келген терминдердің бірқатарына қазақша балама ұсынылып, олар қолданысқа енген. Ал қырғыз тілінде ол терминдер бұрынғы қалпында қалған. Дәл осы сияқты қазақ ғалымдары аудармасыз қалдырған бірқатар терминдерге қырғыз тілінде де *абазжай (студия), абазкана (фонотека), амалият (практика), дарек беги (реквизиты), заттек (материя), майбекет (автозаправка), откана (котельный), текзат (материал), чайдан (термос), чилтен (доцент), эсепкер (бухгалтер)* сияқты баламалар ұсынылған.

Мұндай жаңа терминдер белгілі бір ғылым саласымен ғана шектеліп, салалық терминологиялық сөздіктерде ғана беріліп жүрген жоқ, олар әдеби тіл сөздігіне, екітілді аударма сөздіктерге де енді. Жаңадан жасалған ондай атаулардың нормативтік сөздіктерде қамтылуы олардың жалпыхалықтық сипат алғанын, қазақ тіліндегі қолданысы тұрақтағанын көрсетеді.

Қырғыз және қазақ тіліндегі терминдердің сөздіктерде берілуі		
Орусча-кыргызча сөздүк. Түзүүчүлөр: Абдуллаев Э., Абдыкеримов К., Бейшекеев Н. и др. – Бишкек, 2015. I- IV томдар. Редакциялык кенеш: Ахматалиев А.А. и др. (85 000-нан астам сөз қамтылған) [5].	Орысша-қазақша сөздік. Өңделіп, толықтырылып үшінші басылуы. 70 000 сөз. Под редакцией Н.Т. Сауранбаева, Г.Г. Мусабоева, Ш.Ш. Сарыбаева. Алматы, 2005. – 1152 с. [6].	Қазақ сөздігі. – Алматы, 2013. – 1488 Құраст.: Н.Уәли, Ш.Құрманбайұлы, М.Малбақов (106 000 сөз қамтылған) [7].
администратор	әкімші	әкім, әкімші
администрация	әкімшілік	әкімшілік, әкімдік
адрес (дарек)	мекенжай	мекенжай, адрес
аренда // ижара	жалгерлік	жалгерлік
багажник	жүксалғыш	жүксалғыш
династия	1.әулет; 2.нәсіл, буын, ұрпақ	әулет
доклад	баяндама	баяндама
документ	құжат	құжат
заказ	тапсырыс, тапсырым	тапсырыс
заказчик//заказчы	тапсырысшы	тапсырысшы
искусство	өнер	өнер
календарь	күнтізбе	күнтізбе
мавзолей	кесене	кесене
малина	таңқурай	таңқурай
моряк	теңізші	теңізші
поликлиника	емхана	емхана
проспект	даңғыл	даңғыл
протокол	хаттама	хаттама
процент	пайыз	пайыз
тираж	таралым	таралым
указ	жарлық	жарлық
юбилей	мүшелтой, мерейтой	мерейтой
юрист	заңгер	заңгер
юстиция	әділет	әділет

Белгілі қырғызстандық ғалым Четин Жумагулов *инвалидди «майып», нефтини «мунай-зат», процентти «пайыз», теорияны «назарият», поликлиниканы, амбулаторияны «эм-кана», «бейтапкана», станцияны «бекет», Россияны «Орусия», аэропорттун ордуна «аба майданы», адрести «дарек», коллективди «жамаат», врачты «дарыгер»* деп қырғыз тіліне аударуды сынға ала отырып, былай жазады:

«Кудайды карасак болбойбу. Казактарда ушундай турбайбы деп эле ала беребизби? Кыйратып салгандай бүгүн «ардагер», «курам», «мунайзат», «агенттик» (агентствонун ордуна), «қабылдама», «министрлик», «батир (пәтер)», «кеңсе», «жыйын» (мунун мааниси сборище) дагы бир тобун ойлонбой эле казактардан алдык...».

«Казактын тили кандай абалга дуушар болуп, *протоколду – хаттама, справканы – аныктама, пенсияны – зейнетақы, космосту – гарыш, космонавтты – гарышкер, инструкцияны – нускоо, приложениені – косумча, документти – хужат, принципти – негиз, отчетту – эсеп, учетту да эсеп* деп, жазып жатканын илебиз. Биздин чала тилчи эргүлдарыбыз ушулардын айрымдарын бизге да сунуш кылышкандарын көрүп жатабыз» [8, 35].

Белгілі ғалым «қазақтар тіліне обал жасап жатыр» дей келіп: «біздің (қырғыздың – мақала авторы) шала тілшілеріміз олардың (қазақтардың – мақала авторының ескертпесі) осындай ерекшеліктерін (жаңа атауларын) бізге де енгізгісі келетінін көріп отырмыз» дейді. Бауырлас көрші елдің ең беделді ғалымдарының бірі біздегі сөзжасам, терминжасам үдерісін қателік деп танып, қазақтан сөз алуға қарсы болып отырса, бір-біріне ең жақын тілдердің арасы алшақтамай қайтеді? Солай болып та жатыр. Мұндай ұстанымдағы ғалымдар мен сала мамандары бізде де бар, басқа түрік текті халықтар өкілдері арасынан да табылады. Осының бәрі мәселенің мәніне терең үңіліп, келісіп-кеңесе отырып іс жүргізбеудің, ортақ мақсат төңірегіне топтаспаудың салдары. Осындай оқшаулану, бір-бірімізден бөлектену жолымен кете бермей, қазақ, қырғыздан өзге де түрік халықтарының терминжасам мен өзара терминалмасым үдерісін реттейтін қағидат-ұстанымдарымызды бірлесіп белгілеуі барлығымыз үшін өте маңызды.

Қазақ-қырғыз тілдері арасында өзара терминалмасу тұрақты дәстүрге айналмаса да бар екенін айтуға міндеттіміз. Мысалы:

Қазақ-қырғыз тіліндегі терминалмасым		
қазақша	қырғызша	орысшасы
автобекет	автобекет	автовокзал
анықтама	аныктама	справка
ардагер	ардагер	ветеран
аспансерік	асманшерик	стюардесса
аурухана	оорукана	больница
балмұздақ	балмуздак	мороженое
баяндама	баяндама	доклад
доптаяқ	топтаяк	клюшка
жарлық	жарлык	указ
жарнама	жарнама	реклама

жиын	жыйын	собрание
жолдама	жолнама	путевка
кеңсе	кенсе	офис
күнтізбе, күнпарақ	күнбарак	календарь
қолхат, подписка	қолкат	расписка,
қосымша	кошумча	приложение
құрам	курам	состав
мінбер	минбар	трибуна
мұзайдын	мұзайдын	каток
нұсқау	нускоо	инструкция
пайыз	пайыз	процент

Бұл кестедегі *баяндама, доптаяқ, жарнама, жолдама//жолнама, қолхат, құрам, мұзайдын, мінбер* сияқты сөздер бір тілден екінші тілге ертеректе өткен ғасырдың 80-жылдарына дейін, кеңестік кезеңде енген болса, қалғандары кейінгі Тәуелсіздік жылдарында алмасқан атаулар. Өзара термин алмасу, сөз алмасу бұрынғыдан бәсеңдемесе, артқаны байқалмайды. Төбемізде бұрынғыдай туыс тілдердің әліпбиін бекітіп, терминалмасымын қадағалап отырған одақтың орталығы тұрмаса да қазақ-қырғыз тілдері арасындағы алыс-беріс неге өнбей отыр? Өйткені терминқорды дамытуда өзара келісім, ортақ ұстаным жоқ. Терминологиядағы тіларалық біріздендіруді жолға қойып, бірлескен іс-әрекетті реттеп, үйлестіріп отырған құрылым болмағандықтан әрқайсымыз өз бетімізше әрекет етіп, ұқсастығымызды ұлғайтудан гөрі өзгешелігімізді көбейтіп, ерекшелене түсуге ұмтылып жатқанымыз көрініп-ақ тұр.

Біз көптен бері көтеріп жүрген мәселенің бірі – түрік тілдері терминдерінің салыстырмалы сөздіктерін жасау. 2011 жылы осы мәселені арнайы күн тәртібіне қойған «Түркітілдес елдердің терминқор қалыптастыру тәжірибесі (терминжасам және өзара терминалмасым, көптілді терминологиялық сөздіктер жасау мәселелері)» [9] атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция да өткізілген еді. Көптен айтып жүрген ұсыныс, сын-пікірлер енді ғана ескеріліп, сең қозғала бастады деуге болады. Түркі академиясы 2024 жылы экономика, тіл білімі және әскери терминдер сөздігін басып шығарды. Бұл сөздіктерде 9 түрік тілінің терминдері (ағылшынша, орысшасымен қоса) салыстырылып беріледі. Басқа салалар бойынша да бұл жұмыс жалғасып жатқаны орынды. Алғашқы жарық көрген осы үш саланың терминологиялық сөздігін салыстыра-салғастыра талдасақ, түрік халықтары терминологиясының қазіргі жай-күйі, беталысы туралы бірқатар қорытындылар жасауға болады. Бұл сөздіктерде ортақ терминдерді теріп көрсетуден бұрын ағылшын тіліндегі терминдердің түркі тілдеріне аударылуына, туыс тілдердегі баламаларын көрсетуге көбірек басымдық берілген. Сондай-ақ сөздікте сөз тіркестері мен сипаттамалы атаулар, өте сирек кездесетін, түрік тілдерінде қолданылмайтын терминдер де ұшырасып отырады. Алда жарық көретін салыстырмалы сөздіктерде түрік тілдеріне ортақ терминдердің барынша мол қамтылуына баса назар аударылса, сонда олардың жалпытүріктік терминқор түзуге пайдасы көбірек тиері ескерілгені жөн.

Түрік тілдерінің терминжасам тәжірибесі								
Әзер.	Баш.	Қаз.	Қарақ.	Қыр.	Өз.	Тат.	Түр.	Түркм.
müavinət	ярзам аксаһы	жәрде-мақы	парақа	жөлөкпул	nafaqa	пособие	ödenek	kömek pullary
sahibkar	эшкыуар	кәсіпкер	Isbiltermen	ишкер	Tadbirkor	эшмәкәр	girişimci	telekeci
xərc	сығым, тотоноу	шығыс	qärejet	чығаша	xarajat	чығым	gider	çykdayy
vasitəçi	аралашсы	делдал	dáldalshı,	ортотмчу; арачы	vositchi	арадашсы	aracı	araçy
mənzil	торлак	тұрғын үй	úy-jay	туак жай	uy-joy	торак	konut	ýasýyş jaýy
hal	килеш	септік	seplik	жөндөмө	kelishik	килеш	ad çekimi, durum, âl	düşüm
dil vəziyyəti	тел хале	тілдік жағдаят	tillik jaǵday	кептик кырдал	lisony vaziat	тел ваз-гыяте, тел ситу-ациясе	dil durumu	dil yagdaýy

Кестедегі мысалдардан көріп отырғанымыздай тіл және экономика саласы терминдерінде сәйкестік көп емес. Нәпақа (қарақалпақ, өзбек), шығым (башқұрт, татар) қаражат (қарақалпақ, өзбек), аралашсы/арадашсы (башқұрт, татар), үй-жай (қарақалпақ, өзбек), килеш (башқұрт, татар), ағас/ағасу (түрік, түрікмен)[10], септік (қазақ, қырғыз) [14], сияқты терминдер көпшілігі 9 тілдің екеуінде ғана сәйкес келеді. Қазақ тіліндегі *шығыс* немесе *шығасы* қырғызша *чығаша* башқұрт тіліндегі *сығым* және татар тіліндегі *чығым* төркіндес, түрік тілдеріне ортақ сөздерден терминдер болғанымен аздаған тұлғалық өзгешеліктері бар. Бұл көрсеткіш өзара терминалмасым мен бірлесіп терминжасау деңгейінің өте төмен екенін көрсетеді. Өзгелердің термин жасау тәжірибесін ескере отырып, бір түрік тілінде ұтымды жасалған терминді екінші, үшінші, төртінші... тілдің қабылдау құбылысы туыстас тілдер арасында кең тарай қоймаған. Мәселен *делдал/далдал/деллал/теллал* сөзі 5 тілде де (қазақ, қарақалпақ, қырғыз, түрік, түрікмен) болғанымен оны термин ретінде тек қазақ таңдаған. Сөздікте түрік, түрікмен тілдерінде бірдей нұсқада қолданылатын *aracı/araçy* термині де қырғыз тілінде (арачы) қосалқы балама ретінде беріліпті. Егер түрік тілдері арасындағы үйлестіру жұмыстары жүргізіліп, ортақ атау *делдал* мен *арашы* сөздерінің бірі таңдалғанда бірізділік арта түскен болар еді. Олай болмауына негізінен түрік халықтарының басқа түрік тілдеріндегі термин шығармашылығынан хабарсыз қалып, тіларалық байланысты күшейтуге, терминологиялық жұмыстарды үйлестіруге тиісті дәрежеде мән бермеуі себеп болып отырғанын айтуға міндеттіміз.

Түрік тілдерінің терминқор қалыптастыруда сыртқы көздерді пайдалануы								
Әзер.	Баш.	Қаз.	Қарақ.	Қыр.	Өз.	Тат.	Түр.	Түркм.
Mühafizə (ар.)	Конвой (фр.) көстәре, эскорт көстәре (ағыл.)	Айда-уыл қызметі	Kuzatib bariw xizmeti	Конвой кызматы (фр.)	Kuzatib boorish kuchlari	Конвой хезмәте (фр.)	Refakat gorevi, (ар.) escort gorevi (ағыл.)	Konwoy gullugy (фр.)

iqtisadiyyat (ар.)	иктисад (ар.)	эконо- мика (гр.)	ekonomika (гр.)	экономи- ка (гр.)	iqtisodiyot (ар.)	икътисад (ар.)	ekonomi (гр.)	ykdysat (ар.)
logo (гр.)	логотип (гр.)	логотип (гр.)	logotip (гр.)	логотип (гр.)	logotip (гр.)	логотип (гр.)	logo, simge	logotip (гр.)
trans; hissə (фр.)	транш (фр.)	транш (фр.)	transh (фр.)	транш (фр.)	transh (фр.)	транш (фр.)	trans; (фр.)	trans (фр.)
mətn (пар.)	текст (лат.)	мәтін (пар.)	tekst (лат.)	текст (лат.)	matn (пар.)	текст (лат.)	metin (пар.)	tekst (лат.)

Түрік тілдеріндегі бір ұғымды білдіретін терминдерді салыстыру терминқор түзу кезінде әр тілдің түрлі сыртқы көзді пайдаланып отырғанын көрсетіп отыр.

Түбі грек *logo*, *logotip* терминдерін әзербайжан мен түрік тілдері ағылшыннан, ал қалған 7 тілдің бәрі орыс тілінен алғаны көрініп тұр.

Қазақтілінде «конвой» термині «*айдауыл*» тарихи атауымен (историзм) алмастырылса, түрікмен, қырғыз, татар, башқұрт тілдерінде әлі орысша нұсқасы сақталған. Ал әзербайжандар арабша *mühafizə*, түріктер *refakat* терминдерін қалдырды. Сол сияқты кезуіл «патруль» орнына қазақ тілінде ұсынылса да түркі тілдерінің біразында орысша нұсқасы сақталған. Сонымен бірге *бөкеуіл*, *ертеуіл*, *кежеуіл* терминдері негізінен қазақ тілінің әскери саласында ғана қолданыла бастады да туыстас тілдерде орысша немесе арабша нұсқалары қалдырылды. «Шабуыл» термині ортақ болып көрінгенмен, тек қырғызшада *чабуул* деп айтылса, түркі тілдерінің барлығында дерлік (түрік, түрікмен, әзербайжан, өзбек, татар, т.б.) арабша *хүжүм* сөзі қолданылады. Жортуыл да солай қырғыз тілінде *жортуул* делінсе, оғыз пен қарлұқ тобында *baskın* термині айтылады.

«Эмитент» (ағыл.) деген экономика терминін совет одағы құрамында болған 8 түрік халқының барлығы өз тілдеріне дәл орыс тіліндегімен бірдей нұсқада алып, қолданып келеді. Бұл термин тек түрік тілінде ғана басқаша «*ihracçı*» деп жасалуы одаққа кірген түрік халықтары тілдерінің негізгі (жалғыз десе де болады) сыртқы көзі орыс тілі болғанын және бұл тілдің ықпалының өте күшті болғанын көрсетеді. «Аукцион» (лат.), «экспорт» (лат.) терминдері де түрік тілі (*müzayede*, *ihracat*//*diş satım*) мен әзербайжан тілінен (*müzaidə*, *ihrac*) өзге түрік тілдерінде бірдей нұсқада қолданылады [10].

Кеңестік кезеңдегі *капитан*, *майор*, *полковник*, *офицер* сияқты қолданысқа кірген әскери терминдердің орнына *жүзбасы*, *мыңбасы*, *түменбасы*, *субай* деген түрік сөздерін қолдануға болар еді. Мәселен, салыстырылған 9 тілдің жетеуінде бірдей қолданылатын «офицер», «взвод», «полк» терминдері тек екі тілде ғана басқаша аталады. Әзербайжан тілінде – *zabit*, *tagim*, *alay*, түрікше – *subay*, *takım*, *alay* [11].

Түрік тілдері алдағы уақытта шет тілдерінен термин алғанда ортақ көзді, бір тілді пайдаланса, соған сәйкес әр тілдің терминқорындағы ортақ терминдер үлесі де арта түсетінін ескергені дұрыс.

Түрік тілдерінің өзара терминалмасымы								
Әзер.	Баш.	Қаз.	Қарақ.	Қыр.	Өз.	Тат.	Түр.	Түркм.
alov qurgusu	утсәсәр	отша- шар	ot oshiriwshi	от чачкыч	o't o'chi- ruvchi	утчә- чәр	avel makinesi	ognemyot, ot atyjy

töhfə	инде-рем	салым	amanat	Салым	omonat	кер-тем	katki payi	goşant
reklama	реклама	жарна-ма	reklama	Жарна-ма	reklama	ре-кла-ма	reklam	mahabat
saziş	киле-шеу	келісім	kelisim	Макул-дашуу	kelishuv bitim	ки-лешу	anlaşma	şertnama
qərar	карап	шешім	qarar	Чечим	qaror	карап	karar	karar
sərgi	күр-гəзмə	көрме	körgezbe	көр-гəзмə	ko'r-gazma	күр-гəзмə	fuar	sergi
təyyarə	самолёт	ұшақ	samolyot	Учак	samolyot	само-лёт	uçak	uçar

Түрік тілдерінің барлығында дерлік *қарар* араб сөзі негізгі термин ретінде айтылса, қазақ пен қырғызда ғана *шешім* деген төл сөз қолданылады. *Қарар* терминінің 7 тілде, *көргəзмə* терминінің 5 түрік тілінде бірдей қолданылуы жиі кездесетін құбылыс болмаса да, өзара терминалмасу және тұрқы бірдей сөздерді термин ретінде алу арқылы ортақ терминдер қорын қалыптастыруға болатынына нақты мысал бола алады. Ал қалған *отшашар* (қазақ, башқұрт, татар), *салым*, *жарнама*, *шешім* (қазақ, қырғыз), *келісім* (қазақ, қарқалпақ), *аманат* (қарқалпақ, өзбек), *ұшақ* (түрік, қазақ, қырғыз), *килешу* (башқұрт, татар, өзбек), *мəтін* (түрік, әзербайжан, қазақ, өзбек), *балмұздақ* (қазақ, қырғыз, татар), *дондурма* (түрік, түрікмен, әзербайжан, башқұрт, тува) тəрізді терминдердің алмасуы 3-4 тілден аспайды. Ал *самолёт* терминінің 4 түрік тілінде бірдей қолданылуы туысқан тілдерің өзара ынтымағы мен келісімінің нəтижесінде болған терминалмасым емес, орыс тілінің ықпалы, үстемдігі арқылы жүзеге асқан сəйкестік.

Қазір қазақ, башқұрт, татар тілдерінде қолданылып жүрген «отшашар» термині 1926 жылы Қызылордада жарық көрген «Орысша-қазақша əскерлік атаулары» [12] деп аталатын сөздікте беріледі. Ал қазақ және қырғыз тілдерінде қолданылып жүрген «салым» термині 1927 жылы жарық көрген «Пән сөздері» сөздігінде [13] тіркелген. Мұндай тілдік деректер өткен ғасыр басында алаш зиялыларының ұлт тілінде термин жасауға айрықша мән бергенінің және олардың терминжасам тəжірибесінің туыстас тілдерге ықпалы зор еткенінің тағы бір дәлелі бола алады.

Туысқан тілдер арасындағы ортақ терминдер қорын терминалмасым арқылы молайтуға негіз қалайтын ең тиімді шешімнің бірі – түрік тілдерін терминқор қалыптастырудың басты сыртқы көзі ретінде тану. Сонда туыстас тілдердің бір-бірінен үздіксіз термин алуы арқылы ортақ терминқорды молайту және термин бірізділігіне қол жеткізу мүмкіндігі арта түседі.

Түрік тілдеріндегі термин сəйкестігі (бірізділік)								
Əзep.	Баш.	Қаз.	Қарақ.	Қыр.	Өз.	Тат.	Түр.	Түркм
agio	ажео	ажео	Ajio	ажео	ajio	ажео	асуо	azio
aktiv	актив	актив	Aktiv	актив	aktiv	актив	aktif	aktiw

bankir	банкир	банкир	Banker	банкир	bankir	банкир	bankacı	bankir
giro	жиро	жиро	Jiro	жиро	jiro	жиро	ciro	jiro
amorti- zasiya	аморти- зация	амор- тиза- ция	Амортиза- ция	аморти- зация	amorti- zasiya	амор- тиза- ция	itfa	amorti- zasiya
auditor	аудитор	ауди- тор	Auditor	аудитор	auditor	ауди- тор	denetçi	auditor
gizil	алтын	алтын	altin	алтын	oltin	алтын	altın	altyn, gyzył
fayda	файза	пайда	payda	пайда	foyda	файда	kâr; kazanç, fayda	peýda
bonus	бонус	бонус	bonus	bonus	bonus	бонус	ikramiye	pul baýragy
axin	ағым	ағын	agis	ағым	oqim	ағым	akım; akış	akym
artım	артым	өсім	өсім	өсүш	o'sish	артым	artis artma	yokarla

Бұл кестедегі алғашқы 6 экономика термині түрік тілдерінің көбінде бірдей қолданылады. Бір қарағанда *ажиро, актив, актив, жиро, амортизация, аудитор, бонус* сияқты экономика терминдерінің 8-9 түрік тілінде бірдей қолданылуы және бұл мысалдардағыдан өзге де *бюджет, бюро, инфляция, капитализм, картель, клиринг* терминдерінің 9 тілде бірдей болуы түрік тілдерінің өзара терминалмасым деңгейі өте жоғары, бірізге түскен терминдері мол екен дегендей ойға жетелеуі мүмкін. Иә, бірізділік бар. Бірақ бұл бірізділікке түрік халықтары терминдерін өздері реттеп, біріздендіру жұмысын жүйелі түрде жүргізу арқылы қол жеткізді дей алмаймыз. Бұл КСРО-дағы 30-жылдардан басталған жалпысоветтік терминқор қалыптастыру қағидатын басшылыққа алудың нәтижесі. Одақ құрамында болған түрік халықтары тілдерінен тек түрік тілінің өзгешеленіп тұрғаны да (itfa, aktif, bankacı) соның дәлелі. Ал әзербайжан тілінен өзге сегіз тілде «алтын» сөзінің бірдей болуы оның түбі бір түрік тілдерінде ғасырлар бойы қолданылып келген бар түрікке ортақ сөз болғандығынан. Әзербайжан тілінде асыл металл атауы орнына оның түсін білдірген «қызыл» сөзі белсенді қолданысқа көшкендіктен түрік халықтарына ортақ «алтын» сөзі қолданыстан шығып қалды. Көне түрік тілі мен орта ғасыр ескерткіштері лексикасын терең зерделеп, оларды термин ретінде құнттап қолдана білсек, мұндай барша түрікке ортақ сөздер мен қажет қосымшалар аз емес. Ал ағым терминінің 6 тілде бірдей болуы жақсы көрсеткіш болғанмен, *ағын (2), ағыс (1) және артым (3), өсім (2), өсүш (2)* сияқты бір түбірден өрбіген терминдерінің 2-3 тілде ғана сәйкес келуі түрік тілдеріндегі терминжасам үдерісін үйлестіру мен біріздендіру жұмысының жоғары деңгейде болмауының көрінісі.

Қазіргі Түркия түріктері тілінің терминологиясы басқа түрік текті туысқан халықтардың терминдерінен өзгешелеу. Басқалардан айырмашылығы көбірек. Мысалы, әзербайжан, башқұрт, қарақалпақ, қазақ, қырғыз, өзбек, татар, түркімен тілдерінде фонетика, омоним, идиома, синоним, топоним, артикль түрінде біркелкі қолданылатын тіл білімі терминдері тек түрік тілінде ғана *ses bilgisi, es adlı//sesli, sesteş, deyim, es*

anlamlı//anamlas, yer adı, tanımlık [14] түрінде төл сөздер негізінде жасалып, өзгеше қолданылады. Анадолы түріктері Еуропа, Азия тілдеріне кең тараған информатика саласы терминдерінің көпшілігін ұлт тіліндегі терминдермен алмастырды. Мәселен: *компьютер, процессор, принтер, сканер, информатика, онлайн, драйвер, база* (деректер базасы), *виртуал, элемент, буфер* секілді бүкіл түрік тілдеріне ортақ терминдер орнына ол тілде *bilgisayar, işlemci, yazıcı, tarayıcı, bilişim, ağ içi (çevrim içi), tanıtıcı, taban (veri tabanı), sanal, öge, arabellek* іспетті төл терминдер қолданылады.

Салыстырылған 9 түрік текті халық тілінің 8-інде бірдей қолданылатын мұндай терминдердің тек түрік тілінде ғана басқаша болу себебі Түркия Совет одағы құрамындағы түрік халықтары тәрізді орыс тілін терминқор қалыптастырудың негізгі сыртқы көзі ретінде танып, КСРО-да белгіленген жалпысоветтік терминқор қалыптастыру қағидаттарын басшылыққа алған жоқ. Тәуелсіз мемлекет ретінде дербес тіл саясатын жүргізгендіктен термин шығармашылығын да өз қалауынша жүзеге асырды. Мәскеу түрік тілі терминқорының қалыптасуына КСРО құрамындағы түрік халықтарының терминологиясын қалыптастырғандай ықпал ете алмады. Одақ құрамындағы түрік халықтары да ХХ ғасырдың 30-90 жылдар аралығында 70 жылдан астам уақыт Түркиямен тікелей байланыс орнатып, оларда термин шығармашылығы қалай жүзеге асып жатқаны жөнінде нақты ақпарат алып отырмады. Мәскеу белгілеген қағидаттарға сәйкес Ұлттық терминқорын қалыптастырудың негізгі көзі, басты донор тіл ретінде орыс тілін таныды. Сол көзді 70 жыл пайдаланғандықтан жоғарыдағы 8 тілдің және басқа да одақ құрамына кірген түріктекті халықтар тілдерінің терминдері Түркия түріктерінікінен өзгеше болып шықты. Ендігі жерде бүкіл түрік халықтарының термин шығармашылығын қадағалап, терминологияны тіларалық және халықаралық біріздендіру сияқты терминологиялық жұмыстарды жүйелі түрде жүргізу арқылы жалпытүріктік терминқорды қалыптастыру өз қолымызда.

Енді термин алатын негізгі ішкі және сыртқы көздерді айқындап алу өте маңызды. Бұған қатысты түрлі пікірлер мен ұстанымдар бар. Мәселен, түркиялық ғалым İbrahim Şahin жалпытүріктік терминқор қалыптастырудың ең тиімді жолы – көне түрік заманынан ХІІІ ғасырға дейінгі барлық туысқан түрік халықтарына ортақ мұраны пайдалану деп санайды. Ғалым түрік халықтарының терминологиялық орталығын құрып, сол орталық арқылы терминологиялық жұмыстарды жүргізу арқылы аталған кезеңге тән 10 000 сөзді, әсіресе соның ішіндегі ең маңызды еңбек Махмұд Қашқаридың «Диуани лұғат ат-түрк» 7 500 сөз бен көнетүрік тіліндегі 140-қа жуық аффиксті пайдалану жолымен мыңдаған термин жасап, жалпытүріктік терминқор мәселесін шешуге болады деген тұжырым жасайды [15].

Ғалымның көне түрік ескерткіштерін де, «Диуани лұғат ат-түркті» ортақ көз ретінде пайдалануды ұсынуы орынды. Жалпы барлық түрік халықтарына ортақ тарихи мұраларды пайдаланумен бірге қазіргі түрік тілдерінің терминқоры мен терминжасам тәжірибесін, жекелеген тілдерде ғана сақталған немесе тарихи даму барысында пайда болған сөз тудырушы жұрнақтар қорын да қажеттілігіне қарай сұрыптап пайдаланған жөн деп білеміз. Тіл жасампаз, үнемі дамып, өзгеріп отыратын тірі құбылыс болғандықтан тек көне көздермен ғана шектелмей, оның даму барысында жеткен жетістіктерін де қажетке жаратып, тіпті терминжасамның жаңа озық үлгілері мен тәсілдерін туғызудан да қашпауымыз керек деп ойлаймыз.

Соңғы жылдары түрік елдері ғалымдары тарапынан жалпытүріктік терминқор қалыптастыруға айрықша назар аударылуы, салыстырмалы сөздіктердің жасала бастауы, арнаулы зерттеулердің жазылуы бұл мәселенің өзектілігін, күн тәртібінде тұрғанын көрсетеді. 2023 жылы жас ғалым Алина Минсафина түрік, әзербайжан, қазақ, өзбек, татар тілдеріндегі тіл білімі, физика-математика терминдері негізінде диссертация қорғап, салыстырмалы зерттеуін жариялады: Minsafina A. «Çağdaş Türk dillerinde ortak terminoloji geliştirme imkan ve yöntemleri» [16]. Бұл еңбекте де түрік халықтарының терминжасау мектептерінің өзінше бағыт алғаны, келісіп-кеңесіп ортақ термин жасамай, бір-бірінен сөз алмай әр халық өз жолымен кеткені, әлі де солай болып жатқаны нақты мысалдар негізінде талданады. Осы арқылы түрік халықтарына ортақ терминқор түзу мәселесі көтеріледі.

Енді бізге осы бағыттағы атқарылатын ғылыми, практикалық жұмыстардың барлығын үйлестіріп, тіларалық біріздендіру, халықаралық біріздердіру сияқты терминологиялық жұмыстарды жүйелі жүргізетін арнайы институт, құрылым құру мәселесін кешіктірмей шешу қажет. 2024 жылғы 6-7 мамырда Түрік тілі қоғамы мен Түркі академиясы бастаған белді мемлекеттік, халықаралық ұйымдардың ұйымдастыруымен Баку қаласында өткен Түрік әлемінің ортақ әліпбиі комиссиясының екінші отырысында біз түрік терминкомын құру туралы арнайы ұсыныс берген едік. Одан бері де 1 жылдан астам уақыт өтті. Ұсыныс қабыл алынып, дайындық жұмыстары жүргізіліп жатқаны жөнінде ақпарат алдық. Жуық арада сол комиссия құрылып, жұмысын бастайды деген үміттеміз.

Осы мәселе көтерілген жерде «Біз неге түрік тілдерін терминқор қалыптастырудың көзі ретінде танып, бір-бірімізден термин алуымыз қажет?», «Мұндай ұстаным бізге не береді?» деген сұрақтардың туындары сөзсіз. Бұл сұрақтарға жауап іздесек, мынаны айтуға болады:

1. Ахмет Байтұрсынұлының сөзімен айтқанда: «Түбі бір туысқан түрік текті халықтар тілдерінен алынған сөздердің тұлғасы бірдей болмаса да түбірі бір болғандықтан түсінуге де, естуге де, айтуға да жеңіл, туысқандығы жоқ тілдердің сөздеріндей жат емес» [17, 459].

Терминге қойылатын талаптар тұрғысынан қарағанда мағынасы ұғынықты болады әрі жағымды дыбысталады. Яғни түбір ортақтығы олардың мағынасын қиындықсыз түсінуді, ал түрік тілдеріне тән емес жат дыбыстардың болмауы олардың жеңіл айтылуын қамтамасыз етеді.

2. Туыстас тілдерден өзара алмасқан терминдер тілдер арасындағы тарихи сабақтастықтың сақталып, олардың лексикалық қорының бір-бірінен тым алшақтап кетуіне жол бермейді. Мұндай терминдер жалпытүріктік ортақ терминқордың молаюына, негізгі қор, ұйытқы болады.

3. Түрік текті халықтардың ортақ терминқор қалыптастырып, оны үнемі ұлғайтып отыруы туысқан халықтар арасындағы ғылыми ынтымақтастықтың нығаюына, кәсіби коммуникацияның жеңілдеуіне жол ашады. Түрік текті елдер ғалымдары мен сала мамандары бір-бірінің еңбектерін еркін оқып, ауызша сөйлескенде қиындықсыз түсініп, өзара ақпарат алмасуын жеңілдетеді.

4. Ғылым тілінің өрісі кеңіп, бір ғана ұлт тілінде жасалған терминнің бірнеше тілге таралуына жол ашылады. Алдымен 5-10 түрік тілінде қолданылған терминнің туыстығы жоқ басқа тілдерге де өтуіне, сөйтіп түрік сөзінің халықаралық термин мәртебесін иеленіп, кең таралуына мүмкіндік туғызады.

5. Түркі халықтарына тән ортақ терминқор әлемдік ғылыми кеңістіктің өзіндік құрамдас бөлігіне айналатын жалпытүріктік ғылыми кеңістіктің пайда болуына негіз қалайды.

Бір ғана ұлт тілімен шектелмей, бірнеше туыстас тілдің терминжасам үдерісі жөнінде толық мәлімет алып, тілдер арасындағы терминалмасымды үйлестіріп, терминологияны тіларалық, халықаралық біріздендіру жұмыстарын сапалы, жүйелі түрде жүргізу өте ауқымды әрі жауапты жұмыс. Сондықтан бұл жұмысқа барлық түркі елдерінің терминологиялық жұмыспен айналысып отырған құрылымдары мен осы істің мән жайын терең білетін кәсіби ғалымдары, терминтанушы мамандары жұмылдырылуға тиіс.

Қорытынды

Сөз соңында айтарымыз: жалпытүріктік терминқор құруды осы іске тікелей жауап беретін арнаулы құрылымдар құрып, сол арқылы мынадай негізгі терминологиялық жұмыстар атқарылуға тиіс деп ойлаймыз.

1. Қазіргі заманауи ғылым мен технология салаларындағы жаңа терминдерді бірлесіп жасап, тұрқы бірдей немесе аздаған ғана дыбыстық өзгешелігі бар бір түбірден өрбіген барлық түрік тілдеріне ортақ терминдерді сұрыптап алып, жаппай қолданысқа енгізу (TurkTerminKom). Кәсіби біліктілікті әрі бірнеше тілдің терминологиялық лексикасын салыстыра талдап, сөзжасам тәсілдерін тиімді пайдалануды қажет ететін мұндай ауқымды істі атқаратын мамандандырылған институт құрылғаны жөн. Оны Түркі академиясы базасында құруға да болады деп ойлаймыз.

2. Түрік тілдерін терминқор қалыптастырудың ең басты сыртқы көзі ретінде тану. Көне және орта ғасырлық түрік жазба ескерткіштерін, тарихи-әдеби мұралар лексикасы мен қосымшаларын барынша пайдалану. Түрік тілдері арасындағы терминалмасым үдерісін ілгеріде құрылуға тиіс Түріктерминкомы (TurkTerminKom немесе TurkTerKom) арқылы үйлестіру.

3. Туыстығы жоқ тілдерден термин алу кезінде ортақ көзді (бір тілді ағылшын, француз т.б.) пайдалану. Әр түрік тілінің дыбыстық ерекшелігін ескере отырып, кірме терминдерді бірдей немесе тұрқы көп өзгешеленбейтіндей етіп, термин емлесін келісіп алу (TurkTerminKom).

4. Түрік терминкомы мақұлдаған ортақ терминдерді барлық түрік халықтарының тілінде біркелкі қолданылуын қадағалап, реттеп отыру (TurkTerminKom).

5. Осы аталған жұмыстардың бәрін қажетті мәліметпен толық қамтамасыз ету үшін түрік халықтарына ортақ терминологиялық дерекқор (ОТД) қалыптастыру қажет. «Терминологиялық дерекқор – лингвистика саласындағы қазіргі зерттеушілердің негізгі құралдарының бірі. Кез келген терминологиялық дерекқордың басты міндеттерінің бірі – терминологияны біріздендіру. Оны сол арнаулы сала бойынша жеткілікті білім болмайынша жүргізу мүмкін емес» [18, 3].

Терминологиялық дерекқорда ғылым мен техниканың барлық саласына қатысты терминдер жөнінде толық мәлімет жинақталады. Салыстырмалы терминдер сөздіктері, көптілді, екітілді сөздіктер, терминдердің энциклопедиялық сөздіктері, түсіндірме сөздіктері, этимологиясы т.б. қажетті мәліметтің бәрі сонда орналастырылады. Жалпытүріктік терминологиялық қор да осы ауқымды ортақ электронды платформаның бір бөлігі ретінде қалыптастырылғаны жөн.

Қаржыландыру. Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті 2024-2026 жж. қаржыландыратын АР23487260 «Алаш қайраткерлері және XX ғасыр басындағы қазақ әдеби тілінің тарихы» жобасы аясында жазылған.

Әдебиеттер тізімі

1. Закиев, М. (2011) О роли многоязычных терминологических словарей в сближении тюркских терминофондов, Түркітілдес елдердің терминқор қалыптастыру тәжірибесі (және өзара терминалмасым, көптілді терминологиялық сөздіктер жасау мәселелері) халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. Астана, стр. 12-21.
2. Құрманбайұлы, Ш. (2023) Жаңа атаулар мен қолданыстар сөздігі. Алматы, б. 496.
3. Курманбекова, Г.Т., Чериков, К.Б., ж.б. (2023) Биологиялық терминдердин кыргызча-орусша/орусша-кыргызча сөздүгү. Бишкек: Кут-бер, б. 256.
4. Қасымбеков, М. (2014) Қарақша-орысша, орысша қазақша терминологиялық сөздік, Т.13: Биология. Алматы: ҚАЗАҚПАРАТ, б. 528.
5. Абдуллаев, Э., Абдыкеримов, К., Бейшекеев, Н., ж.б. (2015) Орусча-кыргызча сөздүк, I- IV томдар. Бишкек.
6. Сауранбаев, Н., Мұсабаев, Ғ., Сарыбаев, Ш. (2005) Орысша-Қазақша сөздік, үшінші басылуы. Алматы, б. 1152.
7. Уәли, Н., Құрманбайұлы, М., Малбақов, М. (2013) Қазақ сөздігі. Алматы: Тіл білімі институты, б. 1488.
8. Жумагулов, Ч. (2017) Жазуу эстеликтердин айырым маселелери жана кыргыз терминологиясындағы бүгүнкү процесс. Бишкек, б. 528.
9. Түркітілдес елдердің терминқор қалыптастыру тәжірибесі (және өзара терминалмасым) (2011), Көптілді терминологиялық сөздіктер жасау мәселелері ғылыми-теориялық конференция материалдары. Астана, б. 256.
10. Türk dillerinin iktisat terimleri sözlüğü (2024), Diktionary of Economic Terms of Turkic Languages. Astana: Turkic Academy, p. 484.
11. Türk dillerinin askeri terimleri sözlüğü (2024). Diktionary of military Terms of Turkic Languages. – Astana: Turkic Academy, p. 504.
12. Орысша-қазақша әскерлік атаулары (2005). Русско-казакская военная терминология. Алматы: 1С-Сервис, б. 136.
13. Қаратышқанов, Н. (2004) Пән сөздері (Терминологиялық сөздік). Алматы: Ер-Дәулет, б. 128.
14. Türk dillerinin dil bilimi terimleri sözlüğü (2024). Diktionary of Linguistik Terms of Turkic Languages. Astana: Turkic Academy, p. 520.
15. Şahin, İ. (2023) Türk devletler teşkilati, Türklüğün geleceği ve terim sorunu: ata mirasi temelinde ayırtıran değil birleştiren terminolojiye geçiş, Avrasya Terim Dergisi, 11 (3), s. 124 -134
16. Minsafina, A. (2023) Çağdaş Türk dillerinde ortak terminoloji geliştirme imkan ve yöntemleri. Ankara: TDK Yayınları, s. 249.
17. Байтұрсынұлы, А. (2023) Ахмет Байтұрсынұлы шығармаларының академиялық толық жинағы. Бестомдық. 5-том. Алматы: Smart University Press, б. 780.
18. Федюченко, Л.Г. (2021) Терминологическая база данных как трансферная модель технического знания: автореферат диссертации на соискание учёной степени доктора филологических наук. Тюмень, с. 42.

Ш. Курманбайұлы

*Казахский национальный педагогический университет имени Абая,
Алматы, Республика Казахстан*

Общeturкский терминологический фонд – основа международной унификации терминологии

Аннотация. В статье рассматривается актуальность создания единой терминологии для тюркских народов и важность международной унификации терминологии. Во-первых, на конкретных примерах анализируются и сравниваются современные тенденции терминообразования в казахском и кыргызском языках, различия и сходства в терминологии двух языков. Доказано, что из-за слабости усилий по межъязыковой унификации и координации уровень обмена опытом создания терминов и взаимопонимания между родственными языками снижается, а различия в терминологии двух языков быстро увеличиваются. Далее на основе сравнительного терминологического словаря 9 тюркских языков по экономике, языкознанию и военному делу, изданного Тюркской академией, сравниваются и анализируются общие термины и различия в терминологии современных тюркских языков. Результаты этих анализов также свидетельствуют о том, что из года в год увеличиваются различия в терминологии языков тюркских народов, а не общие черты. На основе результатов лингвистических анализов, проведенных по терминологии казахско-кыргызского и ряда других тюркских народов, научно сформулирована необходимость координации и согласования терминологической работы современных тюркских народов, уделения особого внимания межъязыковой и международной унификации их терминов, а также актуальность создания единой тюркской терминологии. Упомянута терминологическая работа, которая должна быть последовательно проведена в ходе международной унификации внутренних и внешних источников и терминологии, являющихся основой для создания единой тюркской терминологии, и намечены пути ее проведения. Рекомендуется создать компетентную комиссию, например, TurkTerKom, которая бы профессионально проводила и координировала эту обширную терминологическую работу, которая должна осуществляться на межгосударственном и межъязыковом уровнях, а также специальный терминологический институт с международным статусом, который бы научно поддерживал ее работу.

Ключевые слова: общeturкский терминологический фонд, тюрктерминком, общий термин, интернациональная унификация терминологии, терминообразование, терминозаимствование, общая терминологическая база данных

Sh. Kurmanbaiuly

Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan

The Common Turkic Terminological Fund as a Basis for International Terminology Unification

Abstract. This article discusses the relevance of creating a common terminology fund for the Turkic nations and the importance of International unification of terminology. First, the current trends in term formation in the Kazakh and Kyrgyz languages, the differences and similarities in the terminology of the two languages are analyzed and compared using specific examples. It is proved that nowadays due to the weakness of interlingual unification and coordination works, the level of sharing of term

formation experience and mutual terminological borrowing between related languages is decreasing, and the differences in the terminology of the two languages are increasing rapidly. Further, based on the comparative terminological dictionary of 9 Turkic languages in Economics, Linguistics and Military, published by the Turkic Academy, common terms and differences in the terminology of the languages of modern Turkic nations are analyzed by comparing and contrasting them. The results of these analyses also indicate that the differences in the terminology of the languages of Turkic peoples are increasing year by year rather than their common features. Based on the results of linguistic analyses conducted on the terminology of Kazakh-Kyrgyz and several other Turkic languages, the need for modern Turkic nations to agree and coordinate their terminological issues, to pay special attention to the interlingual and international unification of their terms, and the relevance of creating a Common Turkic Terminology Fund are scientifically formulated. The internal and external sources that serve as the basis for creating a Common Turkic Terminology Fund and the terminological work that should be carried out sequentially during the International unification of terminology are mentioned, and the ways to conduct them are outlined. It is recommended to establish a competent commission, such as TurkTerKom, which would professionally conduct and coordinate this extensive terminological work that should be carried out at the interstate and interlingual levels, and a special Terminology Institute with international status that would scientifically support its work.

Keywords: Common Turkic Terminology Fund, TurkTermKom, common term, International unification of terminology, term formation, terminological borrowing, common terminological database.

References

1. Zakiev, M. (2011) O roli mnogoyazychnyh terminologicheskikh slovarej v sblizhenii tyurkskikh terminofondov, Tyrkitildes elderdin terminkor kalyptastyru tazhiribesi (zhane ozara terminalmasym, koptildi terminologiyalyk sozdikter zhasau maseleleri» halykaralyk gylymi-teoriyalyk konferenciya materialdary. Astana, str. 12-21. [in Russian]
2. Kyrmanbajyly, Sh. (2023) Zhana ataular men koldanystar sozdigi. Almaty, b. 496. [in Kazakh]
3. Kurmanbekova, G.T., Cherikov, K.B., zh.b. (2023) Biologiyalyk terminderdin kyrgyzcha-orussha/orussha-kyrgyzcha sozdygy. Bishkek: Kut-ber, b. 256.
4. Kasymbekov, M. (2014) Kazaksha-oryssha, oryssha kazaksha terminologiyalyk sozdik, T.13: Biologija. Almaty: KAZakparat, b. 528. [in Kazakh]
5. Abdullaev, Je., Abdykerimov, K, Bejshekeev, N., zh.b. (2015) Oruscha-kyrgyzcha sozdyk, I- IV tomдар. Bishkek.
6. Sauranbaev, N., Mysabaev, G., Sarybaev, Sh. (2005) Oryssha-Kazaksha sozdik, yshinshi basyluy. Almaty, b. 1152. [in Kazakh]
7. Uali, N., Kyrmanbajyly, M., Malbakov, M. (2013) Kazak sozdigi. Almaty: Til bilimi instituty, b. 1488. [in Kazakh]
8. Zhumagulov, Ch. (2017) Zhazuu estelikterdin ajyrym maseleleri zhana kyrgyz terminologiyasyndagy bygynky process. Bishkek, b. 528.
9. Tyrkitildes elderdin terminkor kalyptastyru tazhiribesi (zhane ozara terminalmasym) (2011), Koptildi terminologiyalyk sozdikter zhasau maseleleri gylymi-teoriyalyk konferenciya materialdary. Astana, b. 256. [in Kazakh]
10. Türk dillerinin iktisat terimleri sözlüğü (2024), Diktionary of Economic Terms of Turkic Languages. Astana: Turkic Academy, p. 484. [in Turkish]

11. Türk dillerinin askeri terimleri sözlüğü (2024). Diktionary of military Terms of Turkic Languages. – Astana: Turkic Academy, p. 504. [in Turkish]
12. Oryssha-kazaksha askerlik ataulary (2005). Russko-kazakskaya voennaya terminologiya. Almaty: 1S-Servis, b. 136. [in Kazakh]
13. Karatyshkanov, N. (2004) Pan sozderi (Terminologijalyk sozdik). Almaty: Er-Daulet, b. 128. [in Kazakh]
14. Türk dillerinin dil bilimi terimleri sözlüğü (2024). Diktionary of Linguistik Terms of Turkic Languages. Astana: Turkic Academy, p. 520. [in Turkish]
15. Şahin, İ. (2023) Türk devletler teşkilati, Türklüğün geleceği ve terim sorunu: ata mirasi temelinde ayırtıran değil birleştiren terminolojiye geçiş, Avrasya Terim Dergisi, 11 (3), s. 124 -134 [in Turkish]
16. Minsafina, A. (2023) Çağdaş Türk dillerinde ortak terminoloji geliştirme imkan ve yöntemleri. Ankara: TDK Yayınları, s. 249. [in Turkish]
17. Bajtyrsynyly, A. (2023) Ahmet Bajtyrsynyly shygarmalarynyn akademiya tolyk zhinagy. Bestomdyk. 5-tom. Almaty: Smart University Press, b. 780. [in Kazakh]
18. Fedyuchenko, L.G. (2021) Terminologicheskaya baza dannyh kak transfornaya model' tehnikeskogo znaniya: avtoreferat dissertatsii na soiskanie uchjonoj stepeni doktora filologicheskikh nauk. Tjumen', s. 42. [in Russian]

Автор туралы мәлімет:

Құрманбайұлы Ш. – филология ғылымдарының докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті Немат Келімбетов атындағы Түркітану орталығының жетекшісі, Алматы, Қазақстан.

Құрманбайұлы Ш. – доктор филологических наук, профессор, академик НАН РК, Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Алматы, Казахстан.

Kurmanbaiuly Sh. – Doctor of Philology, Professor, Academician of NAS RK, Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan.



Copyright: © 2025 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (<https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/>).